



АСТАНА

АҚШАМЫ

Момбековтің мұрасы

Биыл Қаратау шертпе күй мектебінің шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, халық композиторы Төлеген Момбековтің туғанына 100 жыл толады. Аса көрнекті күйшінің мерейтойы Астанадан басталды. «Қазақстан» орталық концерт залында «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының қолдауымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Салтанат» атты күй кеші өтті.



Төлеген Момбеков күйлерінің насихатталуына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Біләл Ысқақов үлкен еңбек сіңірді. Ол атақты тұлға күйлерінің жеке жинағын шығарып, қазіргі оқу бағдарламасына енгізді. Төлегеннің сазды күйлеріне Мұхаметжан Тілеухан, Секен Тұрысбек сынды бүгінгі дәулескер домбырашылар құмар болып, қолынан күй үйренді. Осындай деректерді күй кешінің тізгінін ұстаған белгілі күйші, өнер зерттеушісі Жанғали Жүзбайдан естідік. Мұхаметжан күйшінің өзі де осы кешке қатысып, естеліктерді жаңғыртты. Күй аңыздарын айта отырып, Сайдалы Сары Тоқаның, Дайрабайдың күйлерін, Төлегеннің «Қосбасарын» шебер шертті.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков Қаратау шертпе күй мектебіне, соның ішінде Төлеген Момбековтің күйлеріне тәнті адамдардың бірі екен. Осы кешке арнайы келген ол күй өнері туралы көшелі әңгіме қозғады.

«Біз көненің көзін, ескінің жұрнағын көріп қалған адамдармыз. Мен Төлегеннің ұлы ұстазы Сүгір Әліұлын үш рет көрдім. Алақанның аясындай ғана кішкентай ауылыма Әлжанның Шәмшидасы деген жегжатына келіп жүретін. Сүкең келсе, ел жиналатын. Торғайдай ғана шағын кісі еді. Ол уақытта баламын, сонда да бәрі есімде қалыпты. Үстінде шибарқыттан

тігілген кителі болатын. Сол матадан тігілген шалбар, басына қырғыз ақ қалпақ киіп отыратын. Төлегенді кейін көргенімде Сүгірге ұқсататынымын. Қозғалмайтын. Сонда кеудесі сөйлеп тұрғандай болып сезілетін» деді Мырзатай Жолдасбеков.

Ғалым Төлегенмен алғашқы кездескен сәтін де еске алды. «1972 жылы Алматыда Жамбылдың 125 жылдық тойы болды. Ол уақытта аттың жалын тартып мініп, осындай шараларға араласа бастаған едім. Біздің елден де Төреғожа Қанғожаұлы деген ақынды, күйші Мәді Шәутиевті алдырттым. Кейінгісі Төлегенмен бірге үйге келді. Сонда бір түн бойы Төлегенге күй тартқыздық. «Астра» дейтін диктофоным бар еді. Соған күйлерді жазып алған едім. Әр жерге көшіп-қонып жүргенде жоғалды да қалды. Төлеген онда күйлердің тарихын айтып отырып тартты. «Бозінгеннің бүлкілі» күйі туралы айтқаны есімде. «Салтанаттың» тарихынан да хабар берді. Сол кезде тірі Сүгірді көргендей болдым. Содан бастап Төлеген ағамызбен қарым-қатынасымыз жақсы болды» деді М.Жолдасбеков.

Кеште де Төлеген Момбековтің күйлерінің тарихы айтылып, артынша олар шертілді. Мәселен, «Інілеріме» күйін күйші белгілі ғалым, әншілігі де бір төбе Өмірзақ Айтбайұлына арнаған екен. «Ескерткіш» күйі Ұлы Отан соғысының қасіреті туралы сыр шертеді (Төлеген Момбековтің өзі майданға қатысқан). «Толғау», «Қосбасар», «Қайдасың?», «Ел жаңа» күйлері де тартылды. «Салтанатты» Төлегеннің төл шәкірті Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы Рымхан Әбілханұлы шертті.

Қарағанды қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Теміржолшылар» мәдениет сарайы осы кешке арнайы аттандырған «Күйкеруен» шертпе күй орталығының жетекшісі Қайролла Сәдуақасов, талантты жас күйші Мадияр Сүлейменов, Ардаби Мәулет, Батырлан Әбенов, Ақжусан Иманғазы, Ертіс Сайырханұлы, Айсұлтан Нұрмағамбет күйлерді бебеулетті. Жас жырау Әлібек Бимендин алғашқы рет сахнаға шығып, Бұқар жыраудың «Абылай ханға Бөгенбай батырдың өлімін естірту» толғауы мен Ақселеу Сейдімбектің «Сарыарқа» әнін қобызбен сарнатты. Қобызшы Мырзатай Жолдасбековтің батасын алды.

Өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор Раушан Малдыбаева Қаратау шертпе күй мектебінің ерекшеліктеріне, қаламгер Есқара Тоқтасынұлы Төлегеннің кісілік келбетіне тоқталды. Бұл тамаша кеш көрермендерге құлынды биені жетектеткендей әсер етті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ